# Жазу сауаттылығын қалыптастырудағы қазақ тілі емлесі ережелерінің кейбір ерекшеліктері

**Мусин Лайс Капезұлы,**
Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті қазақ филология кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылым магистрі

Латын графикасына негізделген қазақ емлесінің негізгі ережелері **жобасы** 2018 жылдың қыркүйек айында білім беру, ғылыми-зерттеу орталықтарына сараптамаға жіберілді.

Сараптама ұсыныстарын қабылдай отырып 2018 жылдың 6 желтоқсанында Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия мақұлдаған **жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелері** айналымға енді.

**Ережеде:**

- қосар дыбыстарды (**ұу/үу, ый/ій**) дара әріппен (**у, и** әріптерімен) таңбалаудың үлгісі ұсынылды;
- қазақтың әдеби тіліндегі емлесі қиын сөздердің орфографиялану ерекшеліктері көрсетілді;
- латын негізді жаңа әліпбиде жоқ **ё, й, ц, щ, э, ю, я, ь, ъ** әріптерінің жазылу баламасы берілді;

Дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптер:

**a, á , o, ó , y, i, u, ú , e**.

Дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптер:

**b, d, f, g, ǵ, h, ı, j, k, l, m, n, ń, p, q, r, s, t, v, ý, z, sh, ch.**

## ı, ý әріптерінің емлесі

§7. **yı** (ый), **iı** (ій) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында **ı** әрпімен жазылады: *ıgilik, ıman; kıim, tıyn, sıa, sıaqty; bı, tarıhı; ınstıtý t, kıno, granıt*.

*Е с к е р т у*. Қосар уı (ый) әріптері тек sуı (сый), tуı (тый) түбірлерінен жасалған сөздерде жазылады: *syılyq, syıymdylyq, syıý ; tyıym, tyıylý , tyıý* .

§8. **uý** (ұу), ***úý*** (үу) дыбыс тіркестері сөздің барлық буынында **ý** әрпімен жазылады: *ý yldyryq, ý yz, ý ildeý ; tý ys, qý yrshaq, gý il, tintý ir; oqý , sý , jazý , kelý , barý*.

§9. **ю** әрпі **ıý** әріп тіркесі түрінде жазылады: *aıý , baıý , oıý , jaıý , sú ıý .*

*Е с к е р т у*. **ı** әрпінен кейін тұрған ю әрпінің орнына **ý** жазылады: q*ıý , jıý .*

§10. **я** әрпі **ıa** әріп тіркесімен жазылады: *qoıan, ıaǵ nı, saıa.*

*Е с к е р т у*. **и** (**ı** ) әрпінен кейін тұрған **я** әрпінің орнына **а** жазылады: *qıar, sıa, jarıa.*

§15. Түбірдің соңғы буынында үнді дауыссыз дыбыстан кейін тұрған **у, і** әріптері тәуелдік қосымшасы жалғанғанда түсіріліп жазылады. Мысалы: *aýyl – aýly*, *daýys – daýsy*, *erin – erni*, *halyq – halqy*, *oryn – orny*, *ǵuryp – ǵurpy*, *qyryq – qyrqy (қырқын беру)*, *kórik – kórki (бет-ажар)*, *árip – árpi*, *naryq – narqy (бағасы)*, *paryq – parqy*, *qulyq – qulqy*, *oıyn - oıyny*.

*Е с к е р т у*. Мағынасына нұқсан келетін сөздерде **у, і** түсірілмей жазылады. Мысалы: *qulyq – qulyǵy; kórik – kórigi* (ұстаның құралы); *qalyp – qalyby* (нанның қалыбы); *qyryq – qyryǵ y* (сандық мағына); *naryq – naryǵ y* (термин)

**Назарларыңызға рахмет!**